

«5B020900-Шығыстану» мамандығы 3 курс қазақ бөлімі «Лингвоелтану» пәні бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы:

Өткізілу түрі: жазбаша дәстүрлі

Платформа: ИС Univer

Формат: синхронды

I. Емтиханға берілетін оқу тақырыптары:

1. Қытай дипломатиясы жағдайы және Қытай қоғамы
2. Қытайдың әкімшілік аймақтар мен маңызды әкімшілік қалалары
3. Қытайдағы ұлттар және ұлттық мерекелер
4. Қытай мемлекеттік органы
5. Қытайдың мемлекеттік туы, елтаңбасы
6. Қытайдың экономикасы
7. Қытай ауылшаруашылығы және негізгі ауылшаруашылығы
8. Қытай индустриясының дамуы
9. Қытай әлеуметтік жағдайы мен халықтың өмір сүру деңгейі

10.II. Әдебиеттер:

1. Готлиб О.М.Китай, Лингвострановедение, Москва. 2011.
2. Готлиб О.М.Китай. Лингвострановедение. Учебное пособие. Москва.2018
3. Маслакова. О.Н. естоматия по лингвострановедению Китая . 2012
5. О.Н Волкова, Н.Л Коломиец, М.А Каданцева, Е.Г Мотовилова, И.Г Нагибина.

III.Емтихан кезінде тексерілетін қол жеткен нәтижелер жүйесі:

тілін оқитын елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік, мәдениетін және олардың ерекшеліктерін білу; Қытай дипломатиясы жағдайы сипаттай алады; Қытай қоғамына талдау жасай алады; шет тілінде ақпаратты сараптау және оған өз көзқарасын түсіндіре алады.

IV.Тапсырмалар типологиясы: тапсырмалар сұрақ түрінде оқыту кезінде студенттің қол жеткен нәтижелер жүйесін тексеру мақсатында жасалған.

V. Бағалау саясаты: Емтиханның жалпы бағасы 100 балл, үш блок жасалған, әр блокта 10 сұрақтан, әр студентке емтихан кезінде 3 сұрақтан келеді, 1-сұрақ-30 балл, 2-сұрақ-30 балл, 3-сұрақ-40 балл.

VI. Емтихан өткізу бойынша әдістемелік және технологиялық нұсқау:

Студент емтихан сұрақтарына жазбаша сұрақтың мазмұнын ашып, оқыту нәтижелерін көрсете отырып жауап жазу керек. Сұрақтағы оқиғаны тек баяндау жеткіліксіз. Студент пәнді оқуда қол жеткізген нәтижелерін, яғни сараптай алу, салыстыру, ерекшелігін көрсету, бағалау және т.с.с. көрсету керек. Жауап толық жазылу қажет. Сұрақтан ауытқуға болмайды.

Емтихан кестеге сәйкес синхронды форматта, жазбаша ИС Univer платформасы арқылы өткізіледі. Студенттің емтихан тапсыруын прокторингтің автоматты жүйесі бақылайды. Студенттің жазған жауабы плагиатқа тексеріледі. Студентке емтихан тапсыру кезінде тиым салынады:

- қосымша материалдарды пайдалануға;

- емтихан тапсырып болғанша орнынан тұрып кетуге;
- компьютерден жаңа парақ ашуға;
- бөлмеде басқа адамдармен сөйлесуге;
- телефон пайдалануға.

Бұл пән бойынша емтиханға 30 сұрақ жасалған. Сұрақтар емтихан кезінде автоматты түрде құрылып, студентке ашылады. Әр студентке 3 сұрақтан келеді. Емтиханды тапсыруға екі сағат уақыт беріледі.

Студент сұрақтың жауабы ретінде файл жүктей алмайды, ол онлайн режимде компьютерде мәтінді жазу керек. Жауап жазу барысында «сақтап» отыруы керек. Байланыс үзіліп, жүйеден шығып кеткен жағдайда, қайта қосылып жалғастыруы қажет. Емтиханды аяқтағанда, жауап парақшасындағы «сақтау» батырмасын басады. Емтиханға берілген уақыт аяқталғаннан кейін жүйе жауапты қабылдамайды.

Студенттің жауабын пән оқытушысы *ИС Univer* жүйесінде 72 сағат ішінде тексеріп бағалайды және баллын *Univer* жүйесіндегі аттестациялық ведомостқа көшіреді.

**Шығыстану факультеті Қытайтану кафедрасының
аға оқытушысы Маулит Б.**

